

"Психикалық ауытқулардан зардап шегетін бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстау және емдеуге арналған психиатриялық емхана Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 156 және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1153 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 170, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 890 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2085. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 176, ҚР Әділет министрлігінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 109 (V053631) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Заңының 5-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Психикалық ауытқулардан зардап шегетін бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстау және емдеуге арналған психиатриялық емхана Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 156 және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1153 бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі психиатриялық ауруханасында психикалық ауытқулардан зардап шегетін сотталғандарға медициналық көмек көрсету Ережесінде:

4 тармақтағы "немесе АҚТҚ/ЖҚТБ" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі

